

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 21-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы маслихатының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 4-20 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 маусымдағы № 21-2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4815 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауылдық округ бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тындау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иелікten шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің ауылдық округ әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері.>";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңың 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жинаалысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жинаалысының мүшелері жинаалыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жинаалыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жинаалыстың мүшелері жинаалыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жинаалыстың мүшелеріне және ауылдық округ әкіміне жинаалыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жинаалысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жинаалыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жинаалыс мүшелерінің көвшілік дауысымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жинаалыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жинаалыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жинаалыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жинаалыс мүшелерінің саны және тізімі;

3) өзге де қатысуышылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;

4) жинаалыстың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жинаалыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жинаалысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жинаалысының хаттамасына жинаалыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде ауданының тиісті мәслихатының қарауына беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жинаалыс қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл регламенттің 2–тарауында көзделген тәртіппен осындаи келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені аудан әкімі аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді.";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 12 маусымнан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

*Солтүстік Қазақстан облысы Ақкайын ауданы мәслихатының  
хатшысы* E. Жәкенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК